

SMART ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Орындаған: Мұратбекова Ә.Ә

Логистика-К2

Тексерген:

XXI ғасыр – технология ғасыры болғандықтан, Қазақстан әлем бойынша ең жаңа деген оқу формаларын зерттеп, білім саласында үнемі жаңарту жасап келеді. Сұранысқа орай технология даму үстінде. Соңғы жылдары SMART технологиясы ұғымы яғни ақылды оқыту пайда болды және Smart қала, Smart фон, Smart құрылғы, Smart қондырғы, Smart орта деген тіркестерді жиі естіп жүрміз. Яғни, E-learning орнына SMART-learning келуі, ақпараттық қоғам орнына «smart қоғам» қалыптасуы біздің елімізде де күтілуде.

Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдері. Қазір елордамызда да Smart мектептер қалыптасып келеді.





«Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында басты басымдылық ретінде ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту, оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», - деп белгілеген болатын.



SMART
ТЕХНОЛОГИИ

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам біртіндеп Смарт-қоғамға (Smart Society) қадам басып келеді. ЭЕМ мүмкіндіктерінің өте жылдам дамуы мен ақпараттық технологиялардың барлық салаларда кеңінен қолданылуымен ерекшеленеді.

- «**SMART**» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «**Ақылды**» дегенді білдіреді. SMART критерийлеріне талдау жасар болсақ, «**Ақылды мақсаттарға**» қойылатын негізгі талаптар төмендегідей:

S(Specific)

- мақсат, оны екі жақты түсінуге болмайтындай, айқын, дәл, нақты болуы керек.

M(Measurable)

- мақсат сандық және сапалық критерийлер арқылы қол жеткендігін анықтауға болатындай өлшенетін болуы керек

A (Achievable)

- мақсат, сыртқы мүмкіндіктердің көмегінсіз, қолдағы бар қорлар арқылы жүзеге асыруға болатындай қолжетімді болуы керек.

R (Relevant)

мақсат өзгермелі жағдайда өзекті болатындай, өзгерістер қажеттіліктерге сай келетіндей шынайы болуы керек.

T (Time-limited)

мақсат шектеулі мерзімде қол жеткізуге болатындай уақытпен шектеулі болуы керек.

SMART жүйесі арқылы әр адамды өмір бойы:



SMART технологияларының басты жүйелері



Электронды жүйемен
оқыту



Жаңа практикалық әдісті
тарату



Отандық білім жүйесінің
сай келуі




Объективтілік
заңдылық



HOME SMART

Үйді автоматтандыру (smart home, немесе home automation) — әрекеттерді орындауға және адамның араласуынсыз белгілі бір міндеттерді шеше алатын үй құрылғыларының жүйесі.



Негізгі алгоритмдерге төмендігілер кіреді:

- Үйге бөтен адамның кіргенін тіркеу
- Иелерді хабардар ету
- Сирена қосу
- Бейнебақылауды қосу
- Негізгі және бөлме аралық есіктерді жабу



Үй автоматтандыруда пайдаланылатын технологиялар:

Ақылды үй жүйесі құрылғылары үш түрден тұрады:



Контроллер (HUB)



- барлық элементтері жүйесін бір-бірімен қосатын және оларды сыртқы әлеммен байланыстыратын бақылау құрылғысы



Сенсорлар (датчиктер)



- қоршаған орта жағдайлары туралы ақпарат алатын құрылғылар



Актуаторлар



- тікелей нұсқауларды орындайтын құрылғылар: сиреналар, климат контроллерлер, және ақылды (автоматты) ажыратқыштар, ақылды (автоматты) розеткалар, құбырларға арналған ақылды (автоматты) клапандар.

Интеллектуалды SMART технологиялар

Білімде:

1. Білім желілері (Консорциум, электронный университет)
2. Смарт e-learning.
3. Академиялық біліммен басқару.
4. Жедел старт.

Бизнесте:

1. Заманауи IT инфрақұрылымдары
2. Бұлтты есептеулер
3. Бизнестегі информациялық қауіпсіздіктер
4. Электронды коммерция
5. Әлеуметтік желідегі маркетинг.

Инновацияда:

1. Интеллектуалды іздеу (SMART) технологиялары
2. Білім арқылы басқару.
3. Инновациялық халықаралық проекттер.

Қорытынды:

XXI ғасыр – технологиялар ғасыры болып отыр. Мобильдік құрылғылар, Интернет желілері өмір сүрудің қарапайым күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегі болып кірігіп кетті. Сандық қоғам, сандық орта қалыптасты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. Интернет желілері адамның әр түрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Адам үйде отырып-ақ, кәсіпкерлікпен де, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де, шығармашылықпен де айналыса алады. Әлеуметтік желілер арқылы адамның өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту Smart оқытуға ауысты. Орта білім беруде оқушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілсе, біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан оқыту, корпоративті оқыту кеңінен қанат жайды. Ендігі міндет – сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін Smart оқыту ортасын дамыту.

Адамның жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен қортындылағым келеді.

